Тексты всех жанров научной речи подчиняются структурно-языковым (лексическим, морфологическим, синтаксическим) и научно-стилевым нормам литературного языка, а также требованиям конкретного жанра.

Монография обычно посвящена много аспектному рассмотрению и решению актуальной проблемы. Монография включает формулировку проблемы, задачи, идеи, гипотезы или основного тезиса научной концепции; содержит доказательство гипотезы с использованием разнообразных средств аргументации; предполагает определение и дифференциацию понятий с установлением между ними логико-семантических отношений и т.д. Монография характеризуется сложной, разветвленной композиционно-содержательной структурой, которая определяется динамикой коммуникативно-познавательной деятельности ученого и реализует стремление автора к целостности, аргументированности и ясности изложения. Структурная целостность монографии обеспечивается не только тематическим единством ее содержания, но и периферийными текстами, такими как аннотация, предисловие, заключение, библиографический список,оглавление и др.,которые в краткой и обобщенной форме представляют важнейшие компоненты полученного знания. По сравнению с монографией статья обладает менее разветвленной смысловой структурой, более простой композицией и меньшим объемом. В качестве жанровых разновидностей выделяются: 1) проблемно-постановочная статья; 2) статья – краткое сообщение о результатах научно-исследовательских и опытно-конструкторских работ; 3) собственно научная (научно-техническая) статья, в которой достаточно подробно излагаются основные результаты исследования; 4) историко-научная обзорная статья; 5) дискуссионная/ полемическая статья; 6) научно-популярная статья; 7) рекламная статья.

Тезисы – краткое изложение содержания научного исследования в виде основных, сжато сформулированных положений. Тезисы предполагают определенную и строго нормативную композиционно-смысловую структуру, состоящую из:

1) преамбулы, содержащей ввод в проблематику, обоснование ее актуальности, представление предмета исследования;

2) основного тезисного изложения (3-6 тезисов, составляющих предметно-логическое единство);

3) заключительного тезиса – итога изложенного. Строго логическое членение тезисного содержания подчеркивается рубрикацией. Выделение первой и третьей структурной части под отдельной рубрикой или в отдельный абзац не обязательно – они могут примыкать к последующей или предыдущей части. По стилю изложения различают два типа тезисов: глагольные (с преобладанием глагольных сказуемых) и именные (с преобладанием имен существительных). На практике тезисы часто имеют вид мини-статьи.

К тезисам больше, чем ко многим другим жанрам научной речи, применимы строгие требования стилистической чистоты и однородности речевой манеры. Здесь в принципе недопустимы эмоционально-экспрессивные метафоры, перифразы, инверсии, эллипсисы, восклицания и иные иностилевые включения, смещения способов речевого оформления, неточности и небрежности в оформлении. Общей нормой стиля тезисов является высокая предметно-логическая плотность содержания при коммуникативной доступности. В культурно-речевом отношении важно, что нарушения этой нормы приводят к 1) чрезмерной усложненности фразы, затрудняющей восприятие и сохранение в памяти ее содержания; 2) содержательной неполноты фразы; 3) чрезмерному дроблению фраз «ради простоты».

Учебник, учебное пособие – учебно-научное сочинение, излагающее основы той или иной науки и предназначенное для дидактических целей. Учебник от других видов научной литературы отличается сжатой полнотой информации, предметно-логической последовательностью, ясностью изложения. Поскольку в учебнике представлено уже устоявшееся, базовое, так называемое дисциплинарное научное знание, то изложение в целом, как правило, не носит проблемного характера и полемической заостренности.

Научная рецензия выполняет функции репрезентации научного произведения, его оценки и осмысления в общем пространстве научного знания. Научная рецензия – давно сложившийся жанр научной речи с высокой степенью стандартизации. Ее отличают особый словарь (прежде всего оценочная лексика) и типовые грамматические структуры, посредством которых реализуется диалогическая природа этого жанра. В рецензии отражается состояние науки в определенный период ее развития, формулируются критерии оценки научной работы и формируется система требований к научному произведению.

Нормативная композиция рецензии гармонично сочетает в себе информирование читателя о содержании научной публикации и анализ ее отдельных положений с оценкой работы в целом. От собственно научных жанров научной речи рецензия отличается максимальным проявлением личностного начала, что ведет к использованию различных языковых единиц, посредством которых рецензент обнаруживает себя как субъект речи, субъект сознания, субъект эмоций, т.е. индивидуальная языковая личность.

Объектами оценки являются методы познавательной деятельности ученого, поставленная научная задача, материал, характер индивидуального стиля автора и др. Выделяются оценки научного исследования четырех типов: 1) общая аксиологическая оценка (высокий уровень, хороший образец, блестящая идея); 2) ментальная оценка, включающая в себя психолого-интеллектуальную (важный вклад, основополагающий метод, серьезная попытка и др.) и эмоционально-интеллектуальную (остроумная идея, рациональный подход, тонкий анализ) оценку; 3) прагматическая оценка актуальности, эффективности и т.д. (идеальная классификация, академический труд, своевременная постановка проблемы), 4) эмоциональная оценка, обозначающая различные психологические состояния и реакции (сильное впечатление, неожиданные выводы, поразительные результаты).

Реферат – один из самых распространенных вторичных жанров научной речи, представляющий содержание реферируемого текста и отличающийся наибольшей информативностью. Основные требования, предъявляемые к реферату были сформулированы еще М.В. Ломоносовым, который цель реферата видел в том, «чтобы уметь схватить новое и существенное в сочинениях...». В реферате сохраняются отдельные структурные элементы реферируемого текста (заглавие, композиция, некоторые рисунки и др.). При этом важно, что независимо от степени сжатия первичной информации, содержание текста остается неизменным. В культурно-речевом аспекте существенно, что структура реферата нормативна и включает следующие части: заголовочную (заглавие реферата и библиографическое описание первичного текста), собственно реферативную, получаемую путем аналитической переработки содержания первичного текста, справочный аппарат.

Специфической разновидностью реферата является автореферат диссертации, информирующий о результатах проведенного исследования и вводящий их в сферу научной коммуникации. Наряду с информативной, автореферат диссертации выполняет также «сигнальную», «адресную», «представительскую» и «правовую» функции. Первая связана с тем, что факт появления автореферата сигнализирует о предстоящей защите диссертации. Вторая – с наличием в автореферате диссертации сведений о времени и месте защиты, об оппонентах, ведущей организации, месте хранения диссертации и др. Представительская функция заключается в ознакомлении с диссертацией читателей – как правило, специалистов в соответствующей области науки, среди которых выделяются читатели-ученые, выступающие в роли оппонентов, рецензентов, критиков. В связи с этим важно, чтобы автореферат диссертации содержал данные, по которым можно было бы судить об уровне диссертации и научной квалификации автора, включая его навык реферирования и оформления результатов научного труда. Автореферат диссертации имеет силу официального юридического документа, без которого диссертация не может быть допущена к защите, – с этим связана его правовая функция.

Таким образом, избирательность языковых средств и тенденция к их повторяемости, ограниченность словаря, усложненный синтаксис, редуцированная морфология – все это позволяет исследователям говорить об условном, в какой-то мере искусственном характере языка науки.

Язык науки как функциональный стиль характеризуется наличием стереотипных структур, которые являются обязательными для употребления. Стереотипные структуры в научной речи понимаются как автоматизированные формы языкового выражения. Понятие стереотипности в отборе языкового материала распространяется в научной речи на широкий круг явлений: на лексические единицы; характерные предпочтительные синтаксические конструкции; на общую композиционную упорядоченность текстов.

Литература

1. Морозов В.Э. Культура письменной научной речи: М.: Гос. ИРЯ им. А.С. Пушкина, 2007. - 268 с. С 86
2. Морозов В.Э. Культура письменной научной речи: М.: Гос. ИРЯ им. А.С. Пушкина, 2007. - 268 с. С 88-90
3. Морозов В.Э. Культура письменной научной речи: М.: Гос. ИРЯ им. А.С. Пушкина, 2007. - 268 с. С 92
4. Чалбышева А.В. Прагмалингвистический аспект речевых жанров научного стиля (на материале немецких и русских текстов подъязыка физики) Дисс. …к. филолог. н. ГОУ ВПО «Ростовский Государственный Педагогический Университет» Ростов-на-Дону – 2006 170 с. – с. 37
5. Разинкина Н.М. Стилистика английского научного текста М. 2005. 216 с – с. 4
6. Чалбышева А.В. Прагмалингвистический аспект речевых жанров научного стиля (на материале немецких и русских текстов подъязыка физики) Дисс.…к. филолог. н. ГОУ ВПО «Ростовский Государственный Педагогический Университет» Ростов-на-Дону – 2006 170 с- с. 38
7. Морозов В.Э. Культура письменной научной речи: М.: Гос. ИРЯ им. А. С. Пушкина, 2007. - 268 с. с 102
8. Лаптева О.А. Роль формы речи в организации научного текста // Вестник Международной ассоциации преподавателей русского языка и литературы №34, 2002 - с. 56- 62
9. Морозов В.Э. Культура письменной научной речи: М.: Гос. ИРЯ им. А. С. Пушкина, 2007. - 268 с. с114
10. Гавриленко И.И. Дополнительная информация в научных текстах: семантические, синтаксические и просодические особенности: Дис... канд. филол. наук Москва, 2005. – 275 с. –- с. 12

Ғ.Ғ. Шәрібжанова

ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ ЛОГИКАЛЫҚ ЗАҢДЫЛЫҚТАРДЫ САҚТАУ

Мақалада «формальды логиканың» негізгі заңдылықтарын сақтау ережелері көрсетіледі. Бұл заңдылықтардың мәні қандай екендігі және қалай көрініс табатындығы баяндалады. Студенттердің оқу үдерісінде осы заңдылықтарды білмеуінен туындайтын қателіктер сараланады. Оқытудың дидактикалық талаптарына сай практикалық жұмыстарды орындау ережелері талданады.

Тірек сөздер: формальды логика, пайымдау, мәтінмен жұмыс, дидактикалық принциптер, функционалды грамматика.

Compliance with the laws of logic in the educational process

The article deals with comliance with the rules of the basic laws «of formal logic». The author focuses on the meaning and modalities of implementing such laws. Analyze errors arising from ignorance of the laws of the students «formal logic» in the educational process and determined by the rules of implementation of practical work in accordance with didactic principles of teaching.

Keywords: formal logic, reasoning, working with the text, didactic principles, functional grammar.

Техникалық жоғары оқу орындарының студенттері күнделікті сабақ барысында немесе пікірталас өткізгенде мәтінді мазмұндауға, оқиғаларды, құбылыстарды түсіндіруге, қорытындылар

жасауға немесе оларды теріске шығаруға, сендіруге тура келеді. Сол себепті ол дұрыс ойлап, өз сөзін қисынды және жүйелі түрде жеткізе білуі керек.

Өз ойын дұрыс жеткізу үшін «формальды логиканың» негізгі заңдарын білу және сақтау өте маңызды.

Логикалық заңдылықтардың өзіндік мәні бар. Ол адамдардың еркі мен тілегіне тәуелсіз кез келген танымдық үдерісте әрекет етеді. Онда адамдардың қоғамдық өндірістік қызметінің көп ғасырлық тәжірибесі арқылы анықтап белгіленген. Логика заңдылықтары шынайы әлемнің заңды үдерістері мен құбылыстарын көрсетеді [1,265]. Бұл заңдылықтардың мәні неде және ол қалай көрініс табады?

Логиканың бірінші заңы – тепе-теңдік заңы – былайша тұжырымдалады: «Әрбір ой айтылған пайымдау үдерісінде орнықты, мазмұнды болу керек». Бұл, яғни, пайымдау үстінде бір ойды екінші оймен ауыстыруға болмайды деген сөз. Бірақ әрбір нақты пайымдауда ой өзгеріссіз қалу керек. Тепе-теңдік заңы кез келген пайымдауда ойдың анық болуын талап етеді.

Біздің тәжірибемізде, өкінішке орай, логиканың тепе-теңдік заңдылығын сақтамау студенттер арасында ара-тұра кездесіп отырады. Оның бір себебі, мемлекеттік тілді білмегендіктен материалды толық, дұрыс игермеу болса, екінші себебі – немқұрайдылық. Ол, әсіресе, «қазақша сөйлей аламын, сондықтан әйтеуір бірнәрсе айта салармын» деген ойдан туындап жатады. Бұл нені көрсетеді және кім кінәлі? Біздің ойымызша, алдымен мектеп қабырғасында білім берген ұстаздардың кемшілігі дер едік. Өйткені көп жағдайда байқағанымыздай, студенттер мәтінді мазмұндап бергенді білгенмен, оны қалай жеткізді, оған мән беріп жатпайды. Егер мазмұндау түріне байланысты ескерту жасалса, оны өзіне тағылған қатал айыптау түріндегі үкім деп қабылдап жататындар кездеседі. Сол себепті осы арада мазмұндаудың түрлерін тағы да бір рет еске түсіре кеткеннің артығы жоқ қой дейміз. Олар: мәтінге жуық мазмұндау, мәтінді бірінші немесе үшінші жақта мазмұндау, мәтінді толықтырып мазмұндау, өз сөзімен мазмұндау, қосымша мәліметтер арқылы мазмұндау, бөліктерге бөліп мазмұндау, қысқартып мазмұндау т.б. Бұл үшін мәтінмен жұмыс түрлерін ұстаздардың өзі жеткілікті дәрежеде игергені жөн. Мәтінмен жұмыс хабарды түсіну дәрежесіне қарай әртүрлі мақсатты көздейді:

1. Мазмұнды толық түсіну.

2. Ең басты ойды түсіну.

3. Бөлшектеп түсіну. Ақпаратты өз қажетіне қарай нақтылап түсіну.

Мәтіннің мазмұнын толық түсіну оның құрамында таныс емес күрделі лексика мен тіркестер болмауын қажет етеді. Мұнда мәтіннің мағынасы оқушыға тұтас ұғынықты болып, студент оны бүтіндей сөйлеу үдерісінде қолданады. Мәтінді толық түсіну үшін арнайы тапсырмалар беріледі, ол тұтас оқылады, бақылау жүргізіледі, жіберген қателер түзетіліп отырады.

Мәтіндегі негізгі ойды түсіну кезінде студент кейбір білмейтін сөздерге (таныс емес сөздер 2%-тен аспауы керек) көңіл аудармай-ақ, онда айтылуға тиісті ең маңызды ойды меңгеруге тырысады. Үйренуші мәтінді тыңдап отырып, оның не туралы екенін есте сақтап қалады.

Тыңдалым мәтініндегі басты айтылар ойды толықтыру үшін берілген жекелеген деректерді нақтылап, талдап түсіну – бөлшектеп түсіну деп аталады. Мұндағы әрбір жеке ақпаратты студент қажетіне сай пайдаланып, сөйлесім әрекетінде қолданады, жаттайды, жазып алады т.б.

Тыңдалым үдерісінде оқытылатын мәтін мазмұны мен композициялық құрылым жағынан жүйелі, тұтас түрде ұсынылуы қажет.

Мазмұндық ерекшелігіне қарай:

а) берілген тақырып оқушыға таныс материалдан жинақталғаны жөн;

ә) ойдың логикалық жүйесі сақталып отыру керек;

б) мәтінге қатысты орындалатын жұмыстар нақтылы, анық болып беріледі;

в) көмекші материалдар, көрнекіліктер қатар қолданылады;

г) негізгі ой түйінделіп, оның төңірегіндегі қосымша, қосалқы ойлар соған қатысты жүйелі түрде баяндалады.

Сол сияқты тыңдалым нәтижелі болу үшін, акустикалық ережелерді дұрыс меңгерту де қажет:

а) сөйлемнің фонетикалық норманы сақтап айтылуы;

ә) сөз бен дауыстың ырғағы;

б) екпін мен дауыс ырғағын дұрыс қою;

в) сөйлем мен сөйлем арасындағы үзіліс.

Мәтінді жан-жақты меңгеру үшін берілетін тапсырмалар бірнеше түрге жіктеледі:

Мәтіннің мазмұнын түсінуге арналған тапсырмалар;

Мәтіннен алынған ақпаратты шығармашылық ізденістермен толықтыруға арналған тапсырмалар;

Мәтіндегі алынған хабарларды адамдармен қарым-қатынаста, сөйлесуде қолдана білуге арналған тапсырмалар [2,38]. Логиканың келесі заңы - қарама-қайшылық. Ол былай түсіндіріледі: «Бір нәрсе туралы бір уақытта, бір нәрсеге қатысты алынған екі қарама-қарсы пікір бірдей шындық болуы мүмкін емес». Қарама-қайшылық заңы екі қарама-қарсы пікірді тек белгілі бір жағдайларда ғана бірдей, бір уақытта шындық деп есептеуге тыйым салады. Бұл қандай шарттар? Бәрінен бұрын, сөз бір ғана нәрсе жайында болу керек. Айтылатын сөз бір ғана уақытқа қатысты болу керек. Соңында пікірді бекітуде де, теріске шығаруда да зат бір нәрсеге ғана қатысты қарастырылуы керек. Бұл нені білдіреді? Мысал келтірейік. Жауынды күн. Сізге баяндама жасауға дайындалу керек, ал сіздің достарыңыз қаланың сыртына серуендеуге жиналып жатыр. Сіз және сіздің достарыңыз ауа райын әртүрлі тұрғыдан бағалай бастайсыз. Сізге бұл жайлы болса, достарыңызға қолайсыз көрінеді. Бұл жағдайда екі пайымдау да әртүрлі позициядан бағаланғандықтан, дұрыс болып есептеледі.

Қарама-қайшылық заңы біздің санамыздағы шындықты шынайы қарама-қайшылықтармен жоққа шығармайды. Сондықтан қарама-қайшылықтың екі түрін тани білу керек: табиғаттағы және қоғамдағы, пайымдаудағы қарама-қайшылық. Бірінші қарама-қайшылық шынайы өмірдегі заттар мен құбылыстардың ішкі даму көздеріне қызмет етеді. Логикалық қарама-қайшылық – дұрыс ойлау нормаларының бұзылу салдарынан туындайды. Формальды логика, шынайы қарама-қайшылықтарды жоққа шығармай-ақ, қарама-қарсы құбылыстарды қарама-қайшылықсыз, логикалық тұрғыдан дұрыс ойлауды талап етеді.

Бұл заңдылықты білу бізге қоғам өміріндегі деректерді, оқиғаларды, құбылыстарды, үдерістерді бағалауда екі ойлылықтан қашып, жүйелі ойлауды, баяндауды талап етеді.

Логикалық қарама-қайшылықты, әсіресе, жұрт алдында сөйлегенде жібермеу керек. Бір мәселе туралы қарама-қайшылықты пікір айтып тұрған сөйлеуші тыңдаушыларын сендіре алмасы анық. Мысалы, бір студент бір шығарманың қаһарманы туралы «жарылған басымен аман-сау жерде жатты» деп қызыға баяндады.

Егер әңгімелеу барысында логикалық қарама-қайшылық байқалса, оған оппоненттің және барлық қатысушылардың назарын аударып, қателікті түзеткен жөн[1,315].

Жүйесіздікке, қарама-қайшылыққа қарсы бағытталған «үшіншісін алып тастау» заңдылығы бар. Бұл заң, алдында айтылғандай, Аристотельмен тұжырымдалған. Бұл заңның мәні мынадай: «Бір уақытта, бір нәрсеге қатысты екі қарама-қайшылықты пікірдің тек біреуі ғана шындыққа жанасады». Логикада қарама-қайшылықты пайымдау деп бір нәрсе жайында мақұлдауды немесе теріске шығаруды айтады. Сондықтан олар бірдей шындық немесе жалған бола алмайды. Қарапайым мысал келтірсек, «бұл кітап» - «бұл кітап емес». Бір пайымдау мақұлдайды, ал келесісі жоққа шығарады, олардың арасында үшінші пайымдау жоқ. Әрине, бұл жерде бір пікір рас болса, екіншісі жалған.

Диалог кезінде немесе пікірталас кезінде, мазмұндау барысында осы заңдылықтарға баса назар аударған жөн. Әйтпесе, логикалық тұрғыдан алғанда, қарама-қайшылықты пікір айтылып, сөз бұрмаланады. Әділ шешім шығаруға, пікір айтуға кедергі болады.

Дұрыс ойлау анық, жүйелі, қарама-қайшылықты ғана емес, сондай-ақ дәлелді, негізделген болу керек. Яғни, «Әрбір дұрыс ой шынайылығы дәлелденген басқа ойларға негізделу керек». Бұл заң әйгілі неміс ойшылы Лейбницпен тұжырымдалған. Ол бұны мынадай ұстаным түрінде келтіреді: «Барлық өмірде бар нәрселердің өз тіршілігі үшін жеткілікті негіздемесі бар».

Табиғатта және қоғам өмірінде барлық нәрсе өзара байланысты және өзара шарттастықта болады. Философиядағы заңдылықтардың бәрі де осыған саяды.

Жеткілікті негіздемені қажет ететін заңдылық мақұлдаулар мен қорытындылардың боссөзділігін көтермейді. Ол біздің ойымызды шынайы түрде жарыққа шығаруымызды талап етеді.

Айтылатын сөздің негіздемесі болуы сөйлеушілерге қойылатын маңызды талаптардың бірі. Ал ең үлкен кемшіліктердің бірі болып сөйлеушілердің дәлелдемесіз пайымдаулар жасауы болып табылады.

Қарастырылған негізгі формальды-логикалық заңдылықтар – бұл дұрыс ойлау заңдылықтары. Бұл заңдылықтардың талаптарын қысқаша былай айтуға болады: дұрыс пайымдау анық, нақты, дәл, жүйелі, қарама-қайшылықсыз, негіздемесі бар, дәлелді болу керек. Логикалық заңдылықтарды білу және саналы түрде пайдалану ойлауды тәртіпке келтіреді, сөйлеу мәдениетін көтереді, пікірталасты, кез келген ойды жеткізуді дәйекті және тиімді, әсерлі етеді, қателіктерден сақтандырады.

Тәуелсіз қазақ елінің соңғы он жылдағы қарқынды даму үрдісі мен әлеуметтік жағдайы, шетелдермен халықаралық байланысының нығаюы, әлемдік қауымдастықтағы беделінің артуы, біліктілік деңгейі әлемдік стандарттарға сәйкес келетін, бәсекеге қабілетті жоғары білімді сапалы мамандарды даярлаудың қажеттігін туғызып отыр. Мамандардың бәсекеге қабілеттілігінің негізгі көрсеткіштерінің бірі – олардың мемлекеттік тілді толық меңгеруі мен оны тәжірибе жүзінде қолдана алуы. Осы мақсаттарға жетуде ЖОО-дағы қазақ тілінің қолданыс аясының кеңейіп, мемлекеттік тілді өмірлік қажеттілікке айналдыру мақсатында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен бекітіліп, қолданысқа енгізілген типтік оқу бағдарламасында тіл үйренушінің қарым-қатынасқа түсу салаларын ескере отырып, сөйлеу әрекетінің 4 қағидаты (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) тіл бірліктерінің қолданыстағы қызметіне сай анықталады. Тіл бірліктерінің қолданыстағы қызметі, белгілі бір мағына түрлерін жеткізу функционалдық грамматика арқылы жүзеге асады [3,15].

Біздің ойымызша, бұл әрекеттердің бастысы студенттің оқудың басты стратегияларын меңгеруі қажет. Бұл – оқи білу, оқығанды түсіне білу, алынған ақпаратты өмір бойы пайдалана алу. Оқу стратегиясы мәтіннің мазмұнын толыққанды меңгеру үшін түрлі әрекеттер мен амалдарды қажет етеді. Оған жоспар құру, амалды орындау бағдарламасы, яғни, алынған ақпаратты талдау және синтездеу, оған өз көзқарасын білдіру [4]. Сонымен қатар студент әртүрлі тілдік амалдарды қолдану тәртібін де тиянақты, сауатты меңгергені жөн. Тілдік амалдарға әртүрлі мазмұндағы хабарлар мен жайттарды, оқиғаларды білдіру үшін, сөйлеуде не жазуда қолданылатын тіл құралдары жатады. Оған сөзжасам, тіл бірліктері, сөз тіркестері, сөйлем құрау ережелері, интонация, сөздердің орын тәртібі т.б. тілдік категориялар кіреді.

Студенттің оқу, ойлау, сөйлеу т.б. тілдік дағдыларын дамыту мақсатында өзіндік жұмыс түрлері де ерекше қызмет атқарады. Өзіндік жұмыс студенттің өз біліміне деген жауапкершілігін арттырып, оны өз білімінің траекториясын анықтауға және қолданатын білім әдістерін таңдауға баулиды. Сөйтіп оның еркін әрекет жасау дағдысын қалыптастырады. Оқу үдерісіндегі студенттің өзіндік жұмысы жеңілден күрделіге ұстанымы бойынша деңгейлеп берілгені жөн. Алғашқы сатыда, репродуктивті деңгейде, дайын тапсырманы орындау, кестені толтыру сияқты тапсырмалар беріліп, студенттің танымдық қызметі танысып білумен, ой қорытумен, еске сақтаумен көрінеді. Мұндағы мақсат – білімді бекіту, әдеттер мен дағдыларды қалыптастыру.

Екінші – өзіндік жұмыстың реконструктивті сатысы. Мұнда іс-әрекеттің жүзеге асырылуында қайта құру амалдары жүгізіледі. Яғни, жоспар құру, тезис құрастыру, аннотация жазу.

Үшінші сатыда студенттер семестрлік жұмыстың шығармашылық түрімен шұғылданады. Бұл студенттен шешімі қиын мәселелерді талдауды талап етіп, жаңа ақпарат алуды көздейді. Студент өздігінен тапсырмаларды таңдап алып, оны шешудің жолдарын (оқу-зерттеу тапсырмалары, курстық және дипломдық жұмыстар) қарастырады [5].

Қорыта айтқанда, дұрыс ойлау, пайымдау заңдылықтарын үнемі назарда ұстаған жағдайда студенттердің де берілген тапсырмаларды ғылыми негізде меңгеріп, іс жүзінде қолдана алатынына күмән жоқ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Л.А. Введенская, Л.Г. Павлова. Риторика и культура речи. – Изд. 8-е, доп. и перераб. – Ростов н/Д : Феникс, 2008. – 537.с.
2. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. Оқу құралы. – Алматы, 2000. -270 б.
3. Салқынбай А.Б., Иманқұлова С.М. Типтік оқу бағдарламасы «Қазақ тілі»: жоғары оқу орындарының орыс бөлімі студенттеріне арналған. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. -22 б.
4. Интернет сайт. https://ru.m.wikipedia.org/wiki/Стратегия.
5. Интернет сайт. https://news.kaznmu.kz. Метод обучения через СРС и СРПС.

Ғ.Ғ. Шәрібжанова

ПІКІРТАЛАС – ТАПҚЫРЛЫҚТЫҢ БАСТАМАСЫ

Мақалада қазақ тіліндегі пікірталас терминінің орыс тілінде түрлі мағынада, формада жіктеліп түсіндірілетіні баяндалады. Техникалық мамандықтарға дайындайтын жоғары оқу орындарында өзге ұлттың өкілдері арасында қазақша пікірталас өткізудің тиімділігі практикалық тұрғыдан сараланады. Шешендік өнердің бастамасы ретінде студенттермен жүргізілетін жұмыс түрлері баяндалады.

Тірек сөздер: пікірталас, жұрт алдында сөйлеу мәдениеті, шешендік өнер, психологиялық сәттер.

Discussion – source topics.

The article considers the different meanings and forms or the term «debate» in Russian. Form a practical point of view, it proved the effectiveness of the discussions in the Kazakh language among representatives of other nationalites studying at a technical college. Available types of works on the development of the foundations of oratory.

Keywords:discussion of speech in public, public speaking, psychological factors.

Жоғары оқу орындарының студенттері арасында пікірталас ұйымдастыру әріден қалыптасқан үрдістердің бірі. Бұрыннан құлаққа таныс терминдердің қатарындағы пікірталас термині орыс тілінде диспут, дискуссия, полемика, дебаты, прения болып жіктеліп түсіндіріледі және олар тек екі адамның сөз таластыруы ғана емес, мақсаты түрлі сипатта, түрлі жағдайда көрініс беретін айтысудың жеке-жеке салалары болып есептеледі. Мысалы, дискуссия – бір мәселені әртүрлі көзқарас тұрғысынан қарастырып, салыстырып, шындықты анықтау, дұрыс шешімді табу. Сондықтан дискуссия оның қатысушылары өздері бір қорытындыға келетіндіктен, сендірудің сенімді тәсілі болып есептеледі. Диспут латын тілінен алғанда, пайымдау дегенді білдіреді. Бұл термин алғашында ғылыми дәреже алу үшін жазылған ғылыми туындыны жұрт алдында қорғауды білдіреді. Бүгінде басқаша мағынада, яғни жұрт алдында ғылыми немесе қоғамдық маңызды тақырыпқа айтысуды білдіреді. Ал полемика (қазақша бұл да пікірталас, біз ішінара бұл терминді айтыс, айтысу баламасымен бердік) өткізудің мақсаты сәл басқашалау. Бұл сөздің шығу төркіні ежелгі грек сөзі polemikos «жауынгер», «дұшпан» т. б. Полемика тек қана айтыс-тартыс емес, екі айтыскердің қып-қызыл майданға түсуі, бір-біріне қара сөзбен дес бермей қарсы тұруы, тайталасуы. Бұдан шығатыны бір мәселе бойынша өз ұстанымдары бойынша қарсыластардың күресі, яғни, жұрт алдында өз пікірлерін қорғап, оппоненттерінің пікірін жоққа шығару болып табылады [1, 143]. Осыдан белгілі болғандай, полемика дискуссия мен диспуттан осы бағыты бойынша ерекшеленеді. Дискуссия, диспуттың қатысушылары қарам-қайшылықты пайымдауларды талқылай келе бір пікірге тоқталуды, ортақ шешім табуды, шындықты табуды көздейді. Ал полемиканың мақсаты басқаша: қарсыласын қалайда жеңу, өзінің ұстанымында тұрып оны бекіту. Полемика – бұл сендіру жайлы ғылым. Ол ойды сенімді, талас келтірмейтін дәлелдер арқылы бекітуге үйретеді. Полемика жаңа көзқарастарды тудырғанда, жалпы адамдық құндылықтарды, адам құқығын сақтағанда, қоғамдық көзқарастарды қалыптастырған кезде қажет. Ол белсенді азаматтық ұстанымдарды тәрбиелеуге қызмет етеді.

Сөйтіп, сөз таластырудың бірнеше түрі бар. Ғылыми және әдістемелік әдебиеттерде оларды әртүрлі белгілеріне байланысты жүйелеуге тырысқан. Бірақ та бүгінгі күнде сөз таластырудың жіктелімі (классификация) жоқ. Сөз таластырудың сипатына, ерекшелігіне байланысты негізгі факторларға мыналар жатады:

- айтыстың мақсаты,
- қатысушылардың саны,
- айтысты жүргізу формасы.

Адамдар әртүрлі себептерді басшылыққа ала отырып, бір ғана мақсатты көздемейді. Осыған байланысты мақсатына қарай айтысудың (сөз таластыру) бірнеше түрі болады:

- ақиқат үшін сөз таластыру,
- біреудің көзін жеткізу үшін,
- жеңіске жету үшін,
- сөз жарыстыру үшін. Қысқаша айтқанда, сөз жарыстыру ақиқаттың түбіне жету үшін, қандай да бір ойды тексеру, негіздеу үшін болуы мүмкін. Дұрыс шешімге келу үшін, полемистер бір мәселені әртүрлі көзқарас тұрғысынан қарастырады. Олар қандай да бір ойды мақұлдамауға не кедергі келтіретінін білу үшін оны шабуылдан қорғайды немесе өз пайдасына байланысты қандай дәлелдемелер барлығын анықтау үшін оппоненттің айтқандарына қарсы шығады. Бұндай сөз

таластыруда дәлелдер мұқият іріктеліп, талданады, қарсы жақтың ұстанымдары мен көзқарастары салмақтап бағаланады, яғни, өз мәнісінде шындықты бірлесіп тергеу жүргізіледі. Әрине, мұндай айтыс тек осы мәселені білетін шешімі қызықтыратын құзырлы адамдардың арасында ғана болуы мүмкін. Мұндай айтыс күмәнсіз пайда әкелгенімен бірге, шындық үшін айтысу ерекше әсем сипат алады, ол қатысушыларға нағыз рахаттану мен қанағаттану сезімін сыйлайды, оларды ақылдың шыңына жетуге итермелейді. Бұл түсінікті де. Айтыса білу қабілеттері дамиды, шындықты анықтауда өздеріне деген сенімділік пен мүмкіндіктер пайда болады, өзінің ақыл-ойына деген сенімділігі артады, бекиді. Мұндай ақыл-ой күресі үстінде адам қанаттанып, өзін жақсы сезінеді. Тіпті өз ойыңнан айнып, жеңілуге тура келгеннің өзінде де, жеңілуден болатын жағымсыз сезім кейінге ығысады [2, 128]. Айтысудың мақсаты білімді тексеру ғана емес, оппонентті сендіру де болуы мүмкін. Осыған байланысты екі маңызды кезеңді бөліп алуға болады. Айтысқа түсуші қарсыласын өзі терең сенген нәрсесіне сендіреді. Бірақ ол өзі қорғап тұрған ойының шындығына сенбеуі мүмкін. Айтысудың мақсаты тексеру не сендіру емес, жеңіс болуы мүмкін. Оған полемистер әртүрлі себептермен жетеді. Біреулер оң қадамдарын сақтаймыз, қоғамдық мүдделерді қорғаймыз деп есептейді. Олар өздерінің ойларына сенімді болып, соңына дейін өз ұстанымдарында қалады. Кейбіреулерге жеңіс өздерін мақұлдату үшін керек. Сондықтан оларға айтысуда табысқа жету, айналадағылардың жоғары бағасы, өзінің ақыл-ой қабілеттерін білдіру, шешендік өнері, жеңілмейтін айтыскер атағы маңызды. Енді үшінші біреулер жай ғана жеңіске жетуді жақсы көреді. Олар әсерлі жеңіске жетуді қалайды. Олар жеңіске жету үшін әртүрлі әдіс, тәсілдерді пайдаланудан қысылмайды.

Айтысуда сөз жарыстыру үшін керек болатын жағдайлар да кездеседі. Бұндай айтыскерлер үшін не туралы айтысады, кіммен айтысады, не үшін айтысады, бәрібір. Олар ақты – қара, қараны – ақ деп дәлелдеп, шешендігімен жарқырап көрінсе ғана болды. Егер сіз қандай да жағдайды теріске шығарсаңыз, олар міндетті түрде оны жақтап шығады. Осындай айтыскерлерді жастардың арасынан аз кездестірмейміз. Келтірілген айтысудың жіктелімдері мақсатына қарай шартты түрде алынған. Өмірде оларды әрқашан осылай шектеумен аяқталмайды. Сөйтіп, айтыскер жеңіске жете отырып, оппонентін өз ұстанымының дұрыстығына көзін жеткізуге тырысады. Ал қарсыласты сендіру шындықты іздеуге, ұсынылған жайларды дәйектеуге, дұрыс шешім қабылдауға әкеледі.

Қиын мәселелерді талқылауда пікірталасқа оған қатысатын адамдардың саны да әсер етеді. Осы белгілері бойынша оларды үш түрге (монолог-пікірталас, диалог-пікірталас, полилог-пікірталас), үш негізгі топқа бөлуге болады.

Сондай-ақ, айтысушылардың тыңдаушылары бар да, жоқ та болуы мүмкін. Тыңдаушылардың болуы, олар айтысуға қатыспаса да, айтысушыларға әсер етеді. Тыңдаушылар алдында жеңіске жеткен адамда үлкен қанағаттанғандық сезім болады, ал жеңілу әлдеқайда ауыр тиіп, жағымсыз әсер етеді. Сондықтан айтысқа түсушілер тыңдаушылар көзінше міндетті түрде олардың қатысып отырғанын, олардың реакциясын ескеріп, қажетті дәлелдерді мұқият таңдайды, өз қарсылығын жиі көрсетіп отырады [3, 36]. Қоғамдық өмірде тыңдаушылар үшін айтыстар аз болмайды. Пікірталас ақиқатты анықтау үшін емес, бір-бірінің көзін жеткізу үшін, шешуі күрделі мәселеге көңіл аударту үшін, тыңдаушыларға белгілі бір дәрежеде әсер қалдырып, көңілін аудару үшін болуы мүмкін. Пікірталас барысына ой жарыстырудың формасы да өз ізін қалдырады. Пікірталас ауызша да, жазбаша да болуы мүмкін. Ауызша түрдегі пікірталас, ережеге сай, уақытқа байланысты шектелген және кеңістікке байланысты тұйықталған болады: олар сабақ үстінде, мәжілістерде, отырыстарда, т.б. әртүрлі іс-шаралар кезінде өтілуі мүмкін. Ал пікірталастың жазбаша формасы әлдеқайда уақытқа байланысты ұзаққа созылып, айтысуға түсетіндердің арасындағы байланыс ортақтастырылған болады.

Пікірталастың ауызша түрінде, әсіресе ол тыңдаушылар көзінше өтетін болса, адамның сырт келбеті мен психологиялық сәттер - айтыскердің өзін сенімді ұстауы, реакциясының жылдамдығы, ойлаудың ширақтығы, тереңдігі - маңызды рөл атқарады. Ынжық, ұялшақ адам, әдетте, сенімді қарсыласпен салыстырғанда жеңіліс табады. Сондықтан жазбаша түрдегі пікірталас ауызшаға қарағанда ақиқатқа жету үшін әлдеқайда дұрыс. Дегенмен оның да өзіндік кемшіліктері бар. Ол кейде тым ұзаққа созылып, бірнеше жылдарды құрайды. Сондықтан оқырмандармен қатар қатысушылардың өздері де кейбір жағдайлар мен тұжырымдарды ұмытып, естерінде жаңғырта алмай жатады. Кейде пікірталас бірнеше баспасөз бетерінде жүргізіліп, оның барысын қадағалау қиынға түсіп жатады.

Пікірталастар ұйымдастырылған немесе ұйымдастырылмаған да болуы мүмкін. Ұйымдастырылған пікірталастар алдын-ала жоспарланады, дайындалады, мамандардың

жетекшілігімен өткізіледі. Айтысқа түсушілер ертерек айтыстың тақырыбымен танысуға мүмкіндік алып, өз ұстанымын анықтайды, қажетті дәлелдерді жинақтайды, қарсыластың айтуы мүмкін сөзіне жауап әзірлейді. Бірақ пікірталас аяқ астынан да шығуы мүмкін. Бұндай жағдай оқу үдерісінде де, жиналыстар мен отырыстарда да, тұрмыстық қатынас жағдайында да болуы мүмкін. Ұйымдастырылмаған пікірталастың өнімділігі әлдеқайда аз болады. Бұндай айтыста дәлелдер жеткіліксіз келтіріліп, ойламаған дәйектер ұсынылады, «піспеген» тұжырымдар айтылады.

Пікірталаста табысқа жету, маңызды дәрежеде мәселені шешудегі жеміс айтысқа қатысушылардың құрамына да байланысты болуы мүмкін. Олардың мәдени деңгейі, ақыл-ой деңгейі, өмірлік тәжірибесі, құзырлылығы, айтысу дағдылары мен тәсілдерін білуі, жұрт алдында айтысу ережелерін білуі де маңызды рөл атқарады [4, 354].

Біздің осы қарастырып отырған жоғары оқу орындарының орыс бөлімі студенттері арасында жүргізілетін пікірталас, оның мақсаты, түрлерін білу, ережелерін сақтау дегеніміз шешендік өнердің бір түрі. Шешендік қазақ халқының өзіндік ерекше ұлттық қасиеті ретінде мәдениетінде де, тарихында да қалыптасқан өнер. Жұрт алдында сөйлеуде шешендікке баулудың белгілі бір ұстанымы мен заңдылықтарын таныту керек. Шешендікке үйретуде студенттердің дүниетанымдық қабілеті мен білімділігінің алғашқы орынға шығатындығын айта кету керек. Дегенмен бұл өнерге үйрету жеке пән болып оқытылмағанмен, оны тиімді меңгеруді жүзеге асыру үшін, алдымен, жүйелі ұйымдастырылған практикалық іс-әрекеттер жасалып, студенттердің өз бетімен жұмыс істеуін дұрыс ұйымдастыру, студенттердің ізденіс белсенділігін арттыру бағытындағы жұмыс дұрыс іріктелуі керек болады.

Теориядан тәжірибеге ауысудың белгілі бір кезеңдері бар екенін ғалымдар (В.Оконь, А.М. Матюшкин, М.И. Махмутов, П.Я. Гальперин т.б.) атап көрсеткен болатын.

Ол кезеңдерді былайша танытады:

1. Шешендік өнердің заңдылықтарын меңгеруге қажетті білік-дағдылардың мәнін, атауын, ғылыми негізін түсінуі аса маңызды кезең.

2. Студент алған ақпаратты білім мазмұны арқылы ережелерге өзіндік көзқараспен қарап, соны түйсіне отырып, өзінше ереже жасауға дағдыланады. Мысалы, белгілі бір шешендік сөздер үлгісіне орай өз шешімін айтуы: «не терең, не тайыз, не ауыр, не жеңіл?» сияқты сұрақтарға жауап беруі.

3. Осындай үлгілерге еліктеу нәтижесінде қалыптасқан дағдыларын жаңа сатыға көтеру. Мұнда белгілі бір шешеннің сөзін орындау сәті, белгілі бір тақырыпқа байланысты шешендік сөз үлгісін даярлау сияқты сәттер орындалып, соның нәтижесі бағаланады.

4. Арнайы ұйымдастырылған пікірталастарда, диспуттарда, кездесулерде сөз сөйлеу, қоғамдық-саяси, әлеуметтік мәселелерге байланысты баяндама жасау, қазақтың салт-дәстүріне байланысты түрлі шешендік сөз тудыру (құттықтау, беташар жасау, тұсаукесер жырын шығару, қыз бен жігіттің айтысы, бата беру т.б.) [5, 45]. Орыс тобындағы студенттерге, әрине, мұндай тапсырмалар арнайы үлгілер арқылы беріліп отырғанда ғана жемісті болады деп есептеуге болады.

Сөйлеу шеберлігіне жетуде, алғашқы кезеңдерде студенттер естіген, көргендерін жүйелі түрде баяндай алуы;оқиғаны, фактіні сипаттауы; оқиғаға, фактіге бағасын білдіруі де жатады. Сөйлеу барысында түрлі тілдік амалдарды, сөзжасам, тіл бірліктері, сөз тіркестері, сөйлем құрау ережелері, интонация, сөздердің орын тәртібі т. б. тілдік категорияларды жеткілікті меңгеруі де шешен сөйлеуге қойылатын талаптардың бірі. Сондай-ақ тілдің көркемдік құралдары – метафора, метонимия, синекдоха, гипербола, кейіптеу; лексикалық көркемдік құралдар – тұрақты сөз тіркестері мен мақал-мәтелдер; стилистикалық синтаксис әдістері – қайталау, антитеза, инверсия, градация, риторикалық сұрақ, риторикалық дауыстау т.б. сөз барысында тиімді дәрежеде қолданылғанда ғана тиісті нәтиже беретіні даусыз.

1. Пайдаланылған әдебиеттер:
2. Леммерман Х. Уроки риторики и дебатов / Пер. с нем. М., 2002. – 214 с.
3. Павлова Л.Г. Спор, дискуссия, полемика. – Москва, 1991.– 197 с.
4. Поварнин С.И. Спор. О теории и практике спора. СПб., 1996. –79 с.
5. Л.А. Введенская, Л.Г. Павлова. Риторика и культура речи. – Изд. 8-е, доп. и перераб. – Ростов н/Д : Феникс, 2008. – 537. с.
6. Қалимұқашева Б. Сөйлеу мәдениеті және шешендік өнер: Оқу-әдістемелік құрал. – Астана: Фолиант, 2010. -168 б.

М.А. Шаталов

ФОРМИРОВАНИЕ МЕХАНИЗМА ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ В СИСТЕМЕ ПОВЫШЕНИЯ УРОВНЯ КАЧЕСТВА ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ

В статье рассматриваются основные приоритетные направления в системе реформирования профессионального образования в России. На современном этапе российское образование претерпело ряд преобразований, однако, необходимость реформирования образовательного процесса остается незавершенной и актуальной. В рамках данного исследования автором выделены ключевые направления, требующие модернизации, и разработаны основные мероприятия по совершенствованию системы отечественного образования.

Ключевые слова: образовательная политика, реформирование образования, профессиональное образование, модернизация образования, инновационный подход в образовании.

Образование всегда представляло особое значение для государства, поэтому проблемы отечественного образования, его развитие и совершенствование, является актуальным вопросом, касающимся всех.

В современных условиях развития российского государства приоритетными направлениями являются модернизация всех ключевых отраслей экономики, политики и, конечно, образования. В соответствии с Законом Российской Федерации «Об образовании в Российской Федерации» образование есть «целенаправленный процесс воспитания и обучения в интересах человека, общества, государства, сопровождающийся констатацией достижения гражданином (обучающимся) установленных государством образовательных уровней (образовательных цензов)».

В настоящее время политика государства в области образования ориентирована, в первую очередь, на модернизацию отечественного образования. Ключевым аспектом здесь выступает обеспечение конкурентоспособности Российской Федерации, в т.ч. в сфере образования. Главным условием конкурентоспособности страны является инновационный путь развития экономики, а он невозможен без инвестиций в человека, т.е. в образование. Поэтому систематическая модернизация образовательной сферы необходима, постоянно адаптируясь к современным требованиям, как рынка труда, так и экономики в целом. Этим и обусловлена актуальность данного исследования.

Итак, вектор на приоритетность образовательной системы государство реализует посредством [2; 4; 6]:

- организации развитой нормативно-правовой базы, формирования самостоятельной законодательной отрасли в сфере образования (нормативный компонент государственной политики в системе образования);

- финансирования образовательной сферы и организации благоприятных экономических предпосылок для развития отечественного образования (финансово-экономический компонент политики государства в системе образования);

- устройства оптимального механизма организации и управления образовательной структурой (организационно-управленческий компонент государственной образовательной политики);

- подготовки научно-педагогических кадров для образовательной структуры (кадровый компонент государственной образовательной политики);

- упрочнение взаимодействия образования и науки (академический компонент государственной образовательной политики);

- развитие и совершенствование международных контактов и академической мобильности (международный компонент государственной образовательной политики).

Как отмечено ранее, проблемы российского образования является приоритетным направлением государственной политики России. Так, одной из основных задач образовательных организаций высшего образования – это обеспечение высокого качества образования. Реализация решения данной задачи возможно только при наличии созданных благоприятных условий, априме, развитие современных материально-технических, информационных и кадровых ресурсов. Наличие оборудованных аудиторий и кабинетов, печатных и электронных учебных пособий, периодических изданий и прочей научной литературы, демонстрационного и лабораторного оборудования, интерактивных и мультимедийных комплексов является одним из обязательных условий обеспечения качественного образования.

В связи с этим одной из важных проблем развития и совершенствования качества высшего образования – это поиск эффективных методов изучения мнений всех заинтересованных лиц и сторон о качестве подготовки специалистов (Рис. 1).




Рис. 1 – Механизм взаимодействия составляющих уровня качества высшего образования

Как отмечают в органах государственной власти, основным процессом в рамках повышения качества образования является менеджмент качества образовательных услуг, позволяющий грамотно управлять образовательными организациями высшего профессионального образования и, соответственно, повышать уровень качества образования (Рис. 2). Так, менеджмент качества образования позволяет [1; 3; 5]:

- построить оценки путем реализации основных принципов управления качеством (включая принцип «ориентации на потребителя»);

- системно оценивать путем мониторинга;

- разрабатывать и внедрять оценки преподавания на основе компетентностного подхода;

- реализовывать модель внутривузовской системы оплаты труда профессорско-преподавательского состава путем стимулирующих надбавок за качество работы и т.д.




Рис. 2 – Механизм взаимодействия основных элементов менеджмента качества образовательных услуг

Таким образом, нами отмечено, что актуальный на сегодня вопрос качества образования в России обязывает реализовывать в образовательной организации инновационные методы обучения. Данный принцип является базисом для создания гибкой системы подготовки специалистов, включающей все ее виды и уровни; обновление содержания и структуры профессионального образования в соответствии с актуальными и перспективными потребностями развития народного хозяйства и запросами рынка труда. А в качестве основных направлений подготовки специалистов в современных образовательных условиях в стране определены: повышение доступности качественных образовательных услуг, фундаментализация образования, опережающий характер обучения.

В ходе изучения данной проблематики нами отмечено особое отношение государственной политики, направленной на реализацию в системе российского образовательного процесса компетентностному подходу. Методологическим основанием в системе модернизации высшего профессионального образования, как раз, и является компетентностный подход. В результате обучения в образовательной организации выпускник должен обладать компетентностью в профессиональной деятельности. Данный подход акцентирует внимание на результате образования, причем в качестве результата определяется не сумма усвоенной информации, а способность выпускника ориентироваться в различных жизненных ситуациях.

В современной российской образовательной системе реализация компетентностного подхода связана с определенными проблемами. И, прежде всего, это разработка и формирование перечня компетенций в рамках образовательного процесса и механизм их оценивания.

Также нами выявлено, что, несмотря на предпринимаемые усилия, в отечественной системе образования отсутствует в полной мере эффективный механизм взаимодействия образовательных организаций с работодателями. Чаще всего, наблюдается пассивное потребление работодателями результатов деятельности системы образования, а вузы «мало настроены» на современный рынок труда.

Представители бизнес-структур должны занять более активную позицию в рамках образовательного процесса. Решением данной проблемы может стать усиление взаимодействия бизнес-сообщества с образовательной организацией и студентами:

- в области финансирования обучения студентов, необходимой для бизнеса квалификации и специальности;
- при разработке учебных планов, охватывающих оба уровня – бакалавриат и магистратуру;
- при формировании перечня компетенций, критериев, методов и технологии их оценки.

Также, наряду с базовым профессиональным образованием, в системе реформирования структуры образовательных услуг уделяется внимание дополнительному профессиональному образованию (ДПО). Данное направление тоже требует постоянного мониторинга и систематического реформирования, адаптированного современным требованиям экономики и общества, т.к. наличие существующих проблем в системе ДПО обуславливает потребность в модернизации.

Первостепенным в этой связи является необходимость постоянной самоорганизации. Представители бизнес-структур и потребители образовательных услуг должны диктовать условия, на которых необходимо выстраивать эффективную модель повышения знаний, умений и навыков, переквалификации, а образовательные организации, в свою очередь, обязаны выступать в качестве посредников, которые призваны обеспечивать эффективное сотрудничество между бизнесом и кадровым потенциалом.

Так, система дополнительного профессионального образования, в отличие от базового образования в образовательных организациях, оперативно и адекватно реагирует на изменения и трансформации рынка труда. При этом решая задачи, которые связаны с его исследованием и прогнозированием, как в качественном, так и количественном диапазоне. Также программы дополнительного образования краткосрочны (в отличие от базового образования), соответственно, ориентированы на конкретного потребителя с мобильной реакцией на рыночные требования и модификации. Поэтому внимание государства в этой области образование является обоснованным.

Соответственно, выделим некоторые существующие проблемы системы дополнительного образования, требующие решения:

1. Объективные (изменения в законодательстве, конъюнктура территориального трудового рынка, развитие инфраструктуры региона и т.д.);

2. Субъективные (низкий уровень востребованности студентами, низкий удельный вес использования ресурсов, недостаточная материальная база и пр.).

Концепция долгосрочного социально-экономического развития России выделяет в качестве приоритетного показателя организацию до 2020 года условий для систематического (в основном, ежегодного) обучения (повышения квалификации, профессиональной переподготовки и т.п.) не менее 25-30% занятого населения. По статистическим данным ежегодно образовательными услугами дополнительного профессионального образования пользуются около 1,5 млн. человек, т.е. примерно 2% экономически активного населения. Данный показатель указывает на необходимость реконструкции существующей системы дополнительного образования, внедрение в образовательный процесс инновационных методов и принципов, принятия серьезных нормативно-правовых и организационно-методических мер для достижения синергетического эффекта в ДПО.

Итак, нами рекомендовано для эффективного развития системы ДПО необходимо:

- преобразование структуры в один из мощных факторов ускорения системной модернизации производства;

- приведение квалификации и профессионализма специалистов и руководителей в соответствие требованиям и потребностям реального сектора экономики;

- подготовка профессионалов, обеспечивающих дальнейшее развитие приоритетных научно-технических направлений;

- создание, а также внедрение конкурентоспособных инновационных наукоемких технологий;

- повышение совокупного интеллектуального и духовного потенциала общества, а также развитие творческих способностей человека и т.д.

